

Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы № 4

01.10.2025 ж.

Атырау облысы Қызылқоға ауданы
Жасқайрат ауылы, Т.Қайырбаев №2

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің
« Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қатысуға тиіс: 9

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Аудандық білім бөлімінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 06-06-08-14-12-4/1383 санды хатына сай, жаз мезгілінде Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына демалуға баратын оқушыларды анықтау.

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы А. Жұмағалиев: - Аудандық білім бөлімінен келген қатынас қағаз бойынша Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына демалуға 2025 жылы 24 қазан – 02 қараша аралығында демалуға баратын оқушыны анықтау керек екендігін және бұған дарынды, жетістіктері бар оқушыны жіберу ескеру керек екендігін айтып өтті.

Сөйлеушілер:


1. Г.Шокан – қамқоршылық кеңес мүшесі: Күз мезгіліндегі балалардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында, лагерь ұйымдастырылуы дұрыс, қолдаймын. Оқушылардың қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаз-тәрбиешілерге оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор, сол себепті Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына демалуға, көп балалы отбасыдан шыққан, мектепшілік, аудандық олимпиадалардың жүлдегері, оқу озаты 7 сынып оқушысы Нұрболұлы Есенжанды ұсынуға болады.

2. Г.Кульбаева - қамқоршылық кеңес мүшесі: - Мен де осы ұсынысты қолдаймын. Мектебіміздің белсенді оқушысы Есенжан және де «Жас Ұлан» ұйымының дарынды оқушыларының бірі. Лагерьге барса, күзгі демалыс кезінде жақсы жерлерді көріп демалып, түрлі бағыттағы іс-шараларға қатысып, уақытын тиімді өткізері анық.

Қаулы:

1. Аудандық білім бөлімінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 06-06-08-14-12-4/1383 санды хатына сай, жаз мезгілінде Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына көп балалы отбасыдан шыққан, дарынды, жетістігі бар 7 сынып оқушысы Нұрболұлы Есенжан демалуға жіберілсін.

2. Орталықтан жолданған құжаттарды ата-ана мен баланың толтыруын ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жазықбаева мен әлеуметтік педагог А.Амантайқызы міндеттелінсін.

Комиссия төрағасы: А.Жұмағалиев  Қамқоршылық кеңесінің төрағасы


Комиссия мүшелері:

Құлбаева Гүлжамал



Ойыл ауылдық аппаратының
шаруашылық меңгерушісі,

Жұмашева Орынгүл



қамқоршылық кеңес мүшесі
Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің
мүшесі

Шоқан Гауһар




Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің
мүшесі

Жаңабаев Құрманбек



«Құрман» шаруа қожалығының төрағасы,
қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Қабиев Нұрбек



Учаскелік полиция қызметкері,
қамқоршылық кеңес мүшесі

А.Амантайқызы



Кеңес хатшысы